

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖИЫНДА ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ КЕҢІНЕН ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше елдердің Экономика және сауда министрлерінің XIV отырысы өтті. Ауқымды басқосуға ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан делегациялары, сондай-ақ ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Өміралиев, Түркі инвестициялық қорының президенті Бағдад Әміреев, Түркі сауда-өнеркәсіп палаталары одағының Бас хатшысы Адем Кула қатысты.

Кездесуде сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, өзара тауар айналымын ұлғайту, инвестициялық байланысты нығайту, көлік-логистика дәліздерін жетілдіру және өнеркәсіптік кооперацияны кеңейту мәселелері талқыланды. Тараптар өңірлік экономикалық ықпалдастықты тереңдету, кедергілерді азайту және қолайлы іскерлік орта қалыптастыру бағытында нақты шараларды бірлесіп іске асыруға уағдаласты.

Инвестиция, индустрия және туризм: Түркістанның басым бағыттары

Маңызды жиында сөз алған Нұралхан Көшеров Түркістан облысының инвестициялық, аграрлық, өнеркәсіптік және туристік әлеуетіне жан-жақты тоқталды. Ол Түркістанның түркі әлемінің рухани астанасы ретіндегі тарихи-мәдени миссиясын атап өтіп, экономикалық тұрғыдан да қарқынды дамып келе жатқан өңір екенін жеткізді.

Облыс табиғи ресурстарға бай: уран, алтын, темір кені, көмір және фосфорит қоры мол. Аймақ Қазақстандағы уран өндіретін негізгі өңірлердің бірі саналады. Сонымен қатар облыс ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша республикада көшбасшы орынға ие. Тамақ, тоқыма, құрылыс және тау-кен салалары белсенді дамуда.

Қазіргі таңда өнеркәсіп секторында жалпы инвестиция көлемі 560 млн АҚШ долларын құрайтын 111 жоба жүзеге асырылуда. 2026–2029 жылдарға арналған жалпы құны 2,8 трлн теңгені құрайтын 111 инвестициялық жоба пулы қалыптастырылған. Нәтижесінде 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Биылдың өзінде 444 млрд теңгеге 66 жоба іске қосылып, 6 810 адам жұмыспен



қамтылмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған экономиканы өртараптандыру және өндірісті дамыту бағытындағы тапсырмалар өңірде нақты нәтижесін беруде. Жыл қорытындысы бойынша облыс экономикасының өсімі 113,9 пайызды құрады (2024 ж. – 110,1%).

Мемлекеттік бюджетке түсетін салық көлемі 234 млрд теңгеге артып, алғаш рет 1 трлн теңгеге жетті. Өңір экономикасына тартылған инвестиция көлемі 1,7 трлн теңгені құрап, өсім 121,6 пайыз болды. 2025 жылдың III тоқсанында тікелей шетелдік инвестициялар 1,4 млрд АҚШ долларына жетіп, жоспар үш есеге артық орындалды.

Өткен жылы 340 млрд теңгеге 58 инвестициялық жоба іске қосылып, 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Ірі жобалар қатарында мақта өңдеу, алюминий бұйымдарын өндіру, газ қазандықтары мен сусын шығаратын зауыттар, уран және өк өңдеу кешендері бар.

Индустриялық инфрақұрылым және «TURAN» АЭА

Түркістан облысында жалпы аумағы 1 960 гектарды құрайтын 21 индустриялық аймақ және 1 400 гектарды қамтитын арнайы экономикалық аймақтар жұмыс істейді. Облыс орталығында құрылған «TURAN» арнайы экономикалық аймағында 315 млрд теңгеге 26 ірі жоба жүзеге

асырылып, 6,5 мың жұмыс орны ашылмақ.

Инвесторларға дайын өндірістік ғимараттар ұсынылады. Олар нысандарды жалға алып немесе жеңілдетілген шарттармен меншікке сатып ала алады.

Қазіргі таңда өңірдің 25 индустриялық паркінде 258 өндірістік ғимарат салынууда. Бұл бастамалар ТМҰ елдерінің бизнес қауымдастығы үшін тиімді алаң қалыптастырады.

Кездесу қорытындысында ТМҰ-ға мүше мемлекеттер арасында экономика, сауда, инвестиция және қаржы салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі Жол картасы бекітіліп, XIV кездесудің Комюникесіне қол қойылды. Сондай-ақ Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы, Түркі мемлекеттерінің сауда-өнеркәсіп палаталары одағы, Түркі инвестициялық қоры және NACOFEC ұйымы арасында төртжақты меморандум жасалды. Бұдан бөлек, мүше елдер сауда саласындағы өріптестік туралы меморандумға қол қойды.

Іссапар аясында делегация мүшелері Түркістан қаласындағы бірқатар тарихи-мәдени нысандарды аралады. Мәртебелі меймандар Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етіп, «Күлтөбе» қалашығында, «Visit Centre» туристік орталығында, «Ұлы Дала Елі» музейінде және «Керуен Сарай» кешенінде болды.

Сарапшылардың пікірінше, бұл кездесу түркі кеңістігіндегі экономикалық ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеріп, инвестициялық байланыстарды нығайтуға тың серпін береді. Түркістанда өткен маңызды жиын аймақтың халықаралық іскерлік алаң ретіндегі мәртебесін айқындай түсті.



Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы іс-шараларды жүзеге асыру басталды. Бұл - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларының бірі. Іс-шаралар жоспарын Премьер-Министр Олжас Бектенов бекітті, деп хабарлайды ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

Жоспар 8 бағыттан тұрады және 100 негізгі іс-шараны қамтиды. Онда аталмыш жылды ұйымдастырушылық сүйемелдеу, стратегиялық және нормативтік қамтамасыз ету, AI-SANA бастамасы аясында адами капиталды дамыту, мемлекеттік органдарды GovTech моделіне көшіру сияқты цифрлық экономиканың кең ауқымды міндеттері қамтылады. Сонымен қатар киберқауіпсіздікке, цифрлық инфрақұрылымға, салаларды цифрландыруға, қалалар мен өңірлерді кешенді дамытуға және жаңа экономиканы қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Жылдың ресми ашылуы наурыз айында Alem.AI алаңында өтеді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бұл бағытта «Digital Qazaqstan» стратегиясын өзірлеу, отандық IT-компанияларға салықтық және реттеушілік ынталандыру шараларын қалыптастыру көзделген. Сондай-ақ цифрландыру, жасанды интеллект, деректер, киберқауіпсіздік, телекоммуникация және цифрлық активтер салалары бойынша негізгі заңнамалық бастамалардың кемінде 90%-ын қабылдау жоспарланған.

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ
AI-SANA бастамасы аясында ЖИ-білім беруді мектептерде, жоғары оқу орындарында, сондай-ақ ересектерді қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламаларында кеңінен енгізу көзделген.


Орта білім беру деңгейінде Day of AI Qazaqstan бастамасы мен TUMO орталықтарын ашу пысықталуда. Жалпы алғанда, цифрлық және ЖИ-дағдылар

ды дамыту бағдарламаларымен білім беру саласының барлық сатыларындағы кемінде 450 мың оқушы мен оқытушы қамтылатын болады.

ЖИ-мамандарын дайындау үшін биыл AI University жобасының алғашқы кезеңі іске қосылып, өңірлерде Tomorrow School жасанды интеллект мектебі кеңейтіледі. Сонымен қатар мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор басшыларына арналған «AI Governance 500» бағдарламасы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметшілерге арналған AI Qyzmet бағдарламасы жалғасады және компания қызметкерлері ЖИ көмегімен жұмыстарын жеңілдететін бизнеске арналған жаңа AI Corporate бағдарламасы іске қосылады.

Жалғасы 5-ші бетте

АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫ – АГРОЭКСПОРТТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КҮШІНЕ АЙНАЛМАҚ



Қазақстанда ара шаруашылығы қарқынды даму жолына түсіп, ауыл шаруашылығы саласының табысты өрі стратегиялық маңызы зор бағыттарының біріне айналып келеді. Былтыр балды шетелге шығару көлемі 2,5 есеге артып, отандық өнімге халықаралық сұраныстың жоғары екенін дәлелдей отырып, сыртқы нарыққа шығу мүмкіндігін кеңейтті, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша шетелге 1 477 тонна бал жеткізілді. 2024 жылы бұл көрсеткіш 603 тонна болған. Негізгі бағыт – Өзбекстан, оған 1 264 тонна немесе жалпы көлемнің 85,6 пайызы тиесілі. Сонымен қатар қазақстандық бал Канада, Қытай, Сауд Арабиясы, Ресей және Америка Құрама Штаттарына шығарылды. Алғаш рет Оман еліне де өнім жеткізілді.

Балдың сырттан әкелінуі едәуір азайып, 2024 жылғы 1 663 тоннадан 262,4 тоннаға дейін төмендеді. Бұл ішкі өндірістің артқанын және отандық өндірушілердің нарықтағы орны нығайғанын көрсетеді.

Қазіргі таңда Шығыс Қазақстан, Павлодар, Алматы, Түркістан, Абай және Жетісу облыстарында 241 мың ара ұясы бар. Оның 90,2 мыңы – асыл тұқымды.

Жыл сайын шамамен 5 мың

тонна бал өндіріледі. Соның 46,5 пайызы немесе 2,3 мың тоннасы жеке қосалқы шаруашылықтарда, ал 54 пайызы немесе 2,7 мың тоннасы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері тарапынан өндіріледі.

Мемлекеттік қолдау аясында мал шаруашылығын дамыту қағидалары бойынша бал өндірісінің шығынын азайту мақсатында өткізілген әр килограмм өнімге 200 теңге көлемінде қаржылай қолдау қарастырылған.

Саланы дамыту бағытындағы жүйелі жұмыс жалғасады. 2024 жылы 2025–2027 жылдарға арналған ара шаруашылығын дамыту жөніндегі жол картасы бекітілді. Жұмыс тобы «Ара шаруашылығы туралы» және «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» заңдарға өзгерістер әзірледі. 2025 жылғы сәуір айында заңнамалық түзетулер Қазақстан Парламентінің қарауына жолданды.

Ағымдағы жылдың 11 ақпанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ара шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысы өтті.

Аталған өзгерістерді қабылдау саладағы есеп жүргізудің ашықтығын қамтамасыз етіп, жұмысты жетілдіруге, қазақстандық балдың сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ өнімді шетелге шығару көлемін ұлғайту мен ауылдық аумақтарды дамытуға берік негіз қалыптастырады.

ЖҮРСІН ЕРМАН «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ» АТАҒЫНА ИЕ БОЛДЫ

Айттыс өнерінің жанашыры, көрнекті қаламгер, ақын және қоғам қайраткері Жүрсін Ерманға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді, деп хабарлады ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

Марапат ұлттық әдебиет пен айттыс өнерін

дамытуға сіңірген ерен еңбегі үшін табысталды. Құрметті атақ ақынның 75 жасқа толған мерейтойында салтанатты түрде тапсырылды.

Бұған дейін Жүрсін Ерман «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болып, Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлығымен екі мәрте марапатталған.

«ҚАЗСУШАР» ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ 86 СУАРУ КАНАЛЫН ЦИФРЛАНДЫРУ БАСТАЛАДЫ

Су ресурстары және ирригация министрлігі биыл бұған дейін реконструкциядан өткен «Қазсушар» РМК қарамағындағы 86 суару каналын цифрландыру жұмыстарын бастайды, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Жоба аясында механикалық гидрожапқыштарды автоматтандыру, сондай-ақ оларға су көлемі мен деңгейін есепке алатын құрылғылар орнату көзделген. Жалпы осы шаралар нәтижесінде ұзындығы 502 шақырымнан астам суару желісі цифрландырылады.

«Бұл – Қазақстандағы ирригация желілерін цифрландыру мен автоматтандыруға бағытталған жалғыз жоба емес. Биыл Ислам даму банкінің қолдауымен оңтүстік өңірлердегі 103 канал бойынша жұмыстар басталады. Соның нәтижесінде 2027 жылға қарай 900 шақырымнан астам канал жаңғыртылады. Сонымен қатар 2026 жылдың бірінші жартысында тағы 263 каналдың реконструкциясы мен автоматтандырылуына арналған жобалау-сметалық құжат әзірлеу жұмыстары аяқталады», – деді су ресурстары және ирригация вице-министрі Аслан Абдраимов.

100 ҮЗДІК КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТІ АНЫҚТАЛАДЫ



Елімізде «Қазақстан Республикасы колледждерінің Үздік 100 студенті» республикалық конкурсы басталды. Аукымды жоба біліммен, кәсіби шеберлігімен және қоғамдық белсенділігімен дараланған студент жастарды анықтап, олардың жетістігін республика көлемінде кеңінен насихаттауға бағытталған.

Конкурс жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің имиджін нығайтуға, жастардың көшбасшылық әлеуетін дамытуға және олардың кәсіби өсуіне нақты мүмкіндік жасауға бағытталған.

Байқауға еліміздің барлық өңірлеріндегі колледж студенттері қатыса алады. Атап айтқанда, WorldSkills чемпионаттары мен кәсіби шеберлік байқауларының жеңімпаздары мен қатысушылары, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының және волонтерлік қозғалыстардың көшбасшылары, инновациялық идеялар мен стартап-жобалар авторлары, ғылыми конференциялар мен олимпиадалардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздары, сондай-ақ шығармашылық ұжымдардың белсенді мүшелері үміткер бола алады. Соңғы үш жыл ішінде осы байқаудың жеңімпазы атанған студенттер қайта қатыса алмайды.

Конкурс үш кезеңнен тұратын болады. Бірінші кезең-колледжілік іріктеу. Әр білім беру ұйымы 5 кандидаттан артық ұсына алмайды. Бұл кезеңде үміткерлердің оқу жетістіктері, кәсіби табыстары және қоғамдық белсенділігі сараланады. Екінші кезең өңірлік деңгейде өтеді. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардан 10 үздік үміткер іріктеліп, олардың жетістіктері кешенді бағалаудан өтеді. Үшінші кезеңде республикалық финал қорытындыланады. Қорытынды іріктеу «TOP-100 STUDENTS» интернет-ресурсында өткізіліп, елдің 100 үздік колледж студенті айқындалады.

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БАЛАЛАР ОЙЫНДАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ» ӨТУДЕ



беру үдерісіндегі педагогикалық рөлін арттыру, сондай-ақ жас ұрпақтың әлеуметтік, эмоционалдық өрі мәдени дамуына қолдау көрсету.

Фестиваль аясында еліміздің 20 өңірінен келген педагогтерге арналған халықаралық семинар-тренинг өткізілуде. Қатысушылар түркі халықтарының дәстүрлі ойындарымен танысып, оларды білім беру тәжірибесіне енгізу жолдарын талқылайды. Семинар-тренинг бағдарламасында асық ату, таяқ тарту, ләңгі тебу, орамал тастамақ, сақина салу, ханталапай, тымақ ұру, бес асық және тағы басқа ойын түрлері ұсынылған.

Семинар-тренинг қорытындысы бойынша Түркия делегациясы қазақ мәдениетіне төн төрт ойынды іріктеп алады. Бұл ойындар 2026 жылғы сәуір айында Стамбул қаласында өтетін түркі елдері фестивалінде көрсетіледі. Фестиваль түркі әлемінің ортақ мәдени мұрасын сақтауға және халықаралық педагогикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

2026 жылғы 16–18 ақпан аралығында Астана қаласындағы №104 Келешек мектебінде 9–13 жас аралығындағы оқушыларға арналған «Түркі әлемінің балалар ойындары халықаралық фестивалі» өтуде. Шараны Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мен Түркия Республикасының Білім министрлігі бірлесіп ұйымдастыруда.

Фестиваль түркі мемлекеттері арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайтуға, дәстүрлі балалар ойындарын сақтауға және болашақ ұрпаққа насихаттауға бағытталған.

Іс-шараның негізгі мақсаттары балалар ойындарын жүйелеу, ортақ мұрағат қалыптастыру, ойындардың білім

КАСПИЙДІ ЗЕРТТЕУГЕ ЖӘНЕ САҚТАУҒА 1,1 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Президенттің Каспийді кешенді зерделеу және сақтау, сондай-ақ өңірдің экологиялық тұрақтылығын қолдау жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде Үкімет резервінен «Каспий теңізі Қазақ ғылыми-зерттеу институты» АҚ-ға 1,1 млрд теңге бөлінді. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Қаржыландыру институттың ғылыми әлеуетін жақсартуға ықпал етеді. Қаражатқа теңізге мониторинг жүргізу үшін негізгі жабдықтарды сатып алу және гидробиологиялық және гидрохимиялық зертханаларды жарақтандыру жоспарлануда, бұл теңіздің қазақстандық секторында болып жатқан процестер туралы өзінің ғылыми-негізделген базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде ҒЗИ тиімді шараларды әзірлеу үшін халықаралық ғылыми қоғамдастыққа белсенді интеграциялануда, Каспий маңы елдерінің университеттері мен ғылыми-зерттеу орталықтарының қауымдастығына кірді.

САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫ - САЛАДАҒЫ АШЫҚТЫҚТЫ АРТТЫРАДЫ



тын алкоголь мен 10 000 теңгеден жоғары бағаланатын сигараға салық төлеу міндеттеледі» - деді Сәуле Әбдіәшімқызы.

Департаменттің Өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Мейрамбек Көкеновтың айтуынша, жаңа Кодекске сай бизнес саласында да бірқатар өзгерістер орын алмақ. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде кезең-кезеңімен жалпыға бірдей декларациялау енгізілген болатын. Осы арқылы өділ салық салуды қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру, жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді механизмін құру және сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика деңгейін төмендету көзделген.

2025 жылдың 18 шілде күні ҚР жаңа Салық Кодексі қабылданған болатын. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа салық Кодексі - еліміздің салық жүйесін жаңғыртуға, оны тиімді өрі өділетті етуге бағытталған. Мәселен, жаңа Кодекске сәйкес, енді елімізде сән-салтанат салығы күшіне енді. Бұл жайында Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы Сәуле Шырынбекова брифингте мәлімдеді.

«2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ел тұрғындары бағасы 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлкі үшін 2 млн 946 мың теңге және лимиттен асқан сомаға 2% көлемінде салық төлеуге міндетті. Сондай-ақ, көлік құны 18 000 айлық есептік көрсеткіштен асса және құны 24 000 айлық есептік көрсеткіштен жоғары яхталар мен ұшақтарға, бағасы 500 000 теңгеден аса-

«Жаңа Кодекске сәйкес, корпоративтік табыс салығында да жаңа өзгерістер енгізілмек. Атап айтар болсақ, жалпы мөлшерлеме салығы - 20 пайыз, банк қызметі - 25 пайыз, білім беру, медицина секілді әлеуметтік сала 2026 жылдан бастап 5 пайыз болса, 2027 жылдан бастап 10 пайыз салық төлеуге міндеттелмек. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге 3 пайыз және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне 6 пайыз көлемінде салық салынады» - деді спикер.

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ СЕРПІН БЕРГЕН ЖАҢА ӨНДІРІС ОРНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан қаласында индустриялық-инновациялық даму бағытындағы тағы бір маңызды жоба жүзеге асып, полиэтилен қаптама өнімдері мен скотч шығаратын заманауи зауыт пайдалануға берілді. «QazEcoPack» ЖШС-ның жаңа өндірістік желісі іске қосылып, алғашқы өнімдер нарыққа жол тартты. Бұл бастама өңір экономикасын өртаратпандыруға, отандық өндіріс үлесін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағалануда.

Салтанатты ашылу рәсіміне Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерев қатысып, кәсіпорын ұжымын және қала тұрғындарын құттықтады. Аймақ басшысы өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономиканың нақты секторын нығайту, өңдеу өнеркәсібін дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру жөнінде нақты тапсырмалар бергенін атап өтті.

– Бүгін біз Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды оқиғаның куәсі болып отырмыз. «TURAN» арнайы экономикалық аймағында жаңа зауыт ашылып, өңір тұрғындары үшін тұрақты жұмыс орындары құрылды. Әрбір жаңа өндіріс – бұл экономиканың өсуі, халықтың әл-ауқатының артуы және өңірдің инвестициялық тартымдылығының күшеюі. «QazEcoPack» жобасы ішкі нарықты сапалы өніммен қамтып қана қоймай,

импорт көлемін қысқартуға да мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

Кәсіпорын «TURAN» арнайы экономикалық аймағы аумағында орналасқан. Бұл аймақ инвесторларға инфрақұрылымдық және өкімшілік қолдау көрсетіп, өндіріс орындарын қысқа мерзімде іске қосуға жағдай жасап отыр. Зауыт құрылтайшысы өрі директоры Думан Халмет инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында көрсетілген қолдау үшін облыс әкімдігіне ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, арнайы экономикалық аймақтың мүмкіндіктері өндірісті заманауи талаптарға сай жолға қоюға айтарлықтай сеп болған.

Жоба үш кезең бойынша жүзеге асырылады. Қазіргі таңда бірінші кезеңі іске қосылып, жылына 1 500 000 дана скотч өндіру қуатына ие өндірістік желі жұмысын бастады. Өнімдер тек ішкі нарыққа ғана емес, Қазақстанның өзге өңірлері мен ТМД елдеріне экспортталмақ.

Екінші кезең 2026 жылдың желтоқсан айында жүзеге асырылуы жоспарланып отыр. Бұл кезеңде жылына 350 000 келі стрейч-пленка және 80 000 дана ауа-көпіршікті пленка шығару көзделген. Ал үшінші кезең 2027 жылы іске қосылып, кәсіпорын жылына 500 000 келі полиэтилен өнімдерін өндіретін болады. Осылайша зауыт толық қуатына шыққанда өңірдегі ірі қаптама өнімдерін өндірушілердің біріне айналмақ.



Жобаның жалпы инвестициялық құны – 1,21 млрд теңге. Қазіргі таңда 1440 шаршы метр аумақтағы өндірістік ғимарат пайдалануға беріліп, заманауи құрал-жабдықтар орнатылған. Алдағы уақытта қосымша 5 760 шаршы метр аумақта тағы төрт өндірістік ғимарат салу жоспарланған. Бұл өз кезегінде өндіріс көлемін ұлғайтып, жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. Кәсіпорынның іске қосылуы өңірдегі жұмыспен қамту көрсеткішіне де оң әсерін тигізді. Бірінші кезең аясында 20

адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Келесі кезеңдерде қосымша жұмыс орындары ашылып, жергілікті тұрғындарды еңбекпен қамту көлемі арта түспек.

Жалпы, жаңа өндіріс орнының ашылуы Түркістан облысында өңдеу өнеркәсібінің қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Импортты алмастыруға, қайта өңдеу үлесін арттыруға және экологиялық тұрғыдан тиімді өнім шығаруға бағытталған мұндай жобалар аймақ экономикасының тұрақты өсуіне негіз болары сөзсіз.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ КӨКТЕМГІ НАУҚАНҒА САҚАДАЙ САЙ



Түркістан облысында көктемгі егін егу жұмыстарына дайындық қарқынды жүргізілуде. Бұл туралы облыс әкімі Нұралхан Көшерев Үкімет отырысында баяндады.

Өңір басшысының айтуынша, биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 919 мың гектар алқапқа орналастырылып, өткен жылмен салыстырғанда 8 мың гектарға артады. Егіс құрылымына сәйкес, мақта көлемі 17 мың гектарға, жүгері 15 мың гектарға, мақсары 16 мың гектарға ұлғайтылады.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында күріш алқабы 7 мың гектарға, ал бидай 25 мың гектарға қысқартылады.

Облыстың климаттық ерекшеліктеріне байланысты жер жырту мен сор шаю жұмыстары қаңтар айынан басталған. Ерте пісетін көкөніс дақылдарын 15 мың гектарға егу жоспарланса, бүгінгі таңда оның 4,5 мың гектары игерілген. Маусым қорытындысында 193 мың тонна қырыққабат, 36 мың тонна сәбіз, 35 мың тонна пияз және 153 мың тонна картоп жинау көзделіп отыр.

Өкімнің мәлімдеуінше, өндірілетін өнім көлемі облыстың ішкі сұранысынан 2-3 есе артық болмақ. Артық өнім еліміздің өзге өңірлеріне жөнелтіледі.

Дала жұмыстарына қажетті тұқым қоры толық қамтамасыз етілген. Минералдық тыңайт-

қыштарды жеткізу бойынша отандық зауыттармен келісім жасалған. Жол картасына сәйкес, биыл егіс алқаптарына 204 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізу жоспарланған.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында 36,8 млрд теңге көлемінде несие қарастырылған. Қазіргі таңда 7,2 млрд теңгеге 331 жоба қаржыландырылды.

Сонымен қатар, көктемгі дала жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникалары 98 пайыз дайындықпен науқанға кірісуге әзір.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырған халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және ауылдық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі міндеттер Қазығұрт ауданында кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Соның айқын дәлелі – Сарапхана ауыл округіне қарасты Махамбет елді мекенінде қолға алынған ауыз су жүйесін жаңғырту жұмыстары.

Аудан әкімі Азизхан Исмаилов аталған ауылға арнайы барып, жаңадан қазылған су ұңғымасының жай-күйімен танысты. «Таза су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мамандары жүргізген геологиялық барлау және бұрғылау жұмыстары нәтижесінде 367 метр тереңдіктен сапалы ауыз су көзі анықталды. Бұл – ауыл тұрғындары үшін көптен күткен қуанышты жаңалық.

Осы уақытқа дейін Махамбет ауылының халқы ауыз су тапшылығын сезініп келген еді. Жаз мезгілінде су қысымы төмендеп, тұрғындар тұрмыстық қажеттіліктерін өтеуде қиындықтарға тап болатын. Енді жаңа ұңғыманың іске қосылуы елді мекендегі әлеуметтік ахуалды жақсартып, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға жол ашпақ.

МАХАМБЕТ АУЫЛЫ ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ



Ауыл ақсақалдары мен тұрғындары атқарылып жатқан жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, бұл бастаманың ел игілігіне бағытталған нақты өңір жүйелі шешім екенін атап өтті. Олар аудан басшылығына ауыл мәселесін назардан тыс қалдырмай, дер кезінде қолдау көрсеткені үшін алғыс айтты.

Жоба аясында бірқатар инфрақұрылымдық жұмыстар атқарылмақ. Аудан әкімі жауапты

сала басшыларына ұңғыма аумағын қоршау, су айдайтын насос орнату, 3 шақырым ауыз су құбырын тарту, электр желісін жүргізу, трансформатор қою, нысанды жарықтандыру және өзге де қажетті жұмыстарды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Жоспар толық орындалған жағдайда Махамбет елді мекені тәулік бойы, яғни 24 сағат үздіксіз таза ауыз сумен қамтылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерев Украинаның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Виктор Майкомен кездесті. Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту, өңіраралық байланыстарды жандандыру, бірлескен өндірістік жобаларды іске асыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Тараптар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, машина жасау, туризм және жоғары технологиялар салаларындағы ықтимал серіктестікті нақты жобалар арқылы дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Әсіресе, агроөнеркәсіп кешені мен қайта өңдеу саласына инвестиция тарту, сондай-ақ зама-

науи өндіріс орындарын құру бағытындағы мүмкіндіктерге басымдық берілді.

Облыс әкімі өз сөзінде Қазақстан мен Украина арасындағы экономикалық байланыстардың тарихи негізіне тоқталды. Оның айтуынша, 1995 жылы құрылған Қазақстан-Украина үкіметаралық комиссиясы екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынасты жүйелі түрде дамытуға ықпал етті. Бүгінде Қазақстан аумағында украин капиталының қатысуымен 1200-ге жуық компания табысты жұмыс істеуде.

Соның ішінде Түркістан облысында жүзеге асқан ірі жобалардың бірі – UBC Group компаниясының өнеркәсіптік тоңазытқыш жабдықтарын өндіру кәсіпорны. Аталған өндіріс орнының жылдық қуаты 72 мың данаға дейін жетеді. Бұл – өңірдегі

шетелдік инвестицияның нақты нәтижесі өрі жаңа технология мен жұмыс орындарының көзі.

Аймақ басшысы Түркістан өңірінің инвестициялық әлеуетіне де кеңінен тоқталды. 2018 жылы құрылған Түркістан облысы бүгінде қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі саналады. Түркі әлемінің рухани орталығы саналатын Түркістан қаласына берілген ерекше мәртебе туризм саласының серпінді дамуына жол ашты. Соңғы жылдары туристік инфрақұрылым жаңарып, қонақүйлер мен мәдени-сауықтыру кешендерінің саны артты.

Облыс табиғи ресурстарға да бай. Өңірде уран, алтын, темір кені, көмір және фосфорит қоры бар. Қолайлы климаттық жағдайлар жыл бойы ауыл шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік береді. Бүгінде Түркістан облысы республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өн

Жалғасы 5-ші бетте

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА «ҚАЛАДАН - АУЫЛҒА» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ



«Қаладан – ауылға» өңірлік форумы аясында «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы таныстырылды. Облыс әкімінің орынбасары Думан Оспанов 2026-2028 жылдары жүзеге асырылатын жаңа жобаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері туралы баяндады.

Оның айтуынша, Абай облысындағы 600 мыңға жуық халықтың 222 мыңы ауылдық жерде тұрады. Өңірде 138 ауылдық округ пен кент бар. Жобаның басты мақсаты – ауыл халқын тұрақтандыру, қаладан ауылға қоныс аудартатын отбасылар санын арттыру, кадр тапшылығын шешу және ауыл экономикасын дамыту. Жоба аясында қолданыстағы мемлекеттік, салалық және өңірлік деңгейдегі бағдарламалар арқылы ауылға қоныс аударушыларға баспана беріледі.

«Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары арқылы сатып алынатын үйдің бастапқы жарнасы ретінде тұрғын үй сертификаты беріледі. Яғни, бастапқы жарнаның 90 пайызын облыс әкімдігі өтейді. Ол үшін бастапқы жарна 1,5 млн теңгеден аспауы тиіс», – деді облыс әкімінің орынбасары.

Халықты жұмыспен қамту бағытында «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыстар», «Күміс жас» бағдарламалары қолданылып, еңбекақының бір бөлігі мемлекет тарапынан субсидияланады. Сонымен қатар жаңа бизнес-идеяларға гранттар беру, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы арқылы жергілікті өндірісті дамыту, облыс әкімінің білім гранттары арқылы ауылға қажетті мамандар даярлау көзделген. Ауыл кәсіпкерлігін дамытуда «Ауыл аманаты», «Іскер аймақ» бағдарламалары және биыл басталатын «Игілік» жобасы маңызды рөл атқарады. Жеңілдетілген несие 6 пайызбен 7–10 жыл мерзімге беріліп, мал шаруашылығын дамытуға басымдық жасалады.

Ерекше атап өтерлігі, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында облыста алғаш рет «Сауынды сиыр» атты жоба жүзеге асырылады. Бұл жерде тек сүтті сиыр сатып алуға басымдық беріледі. Сондай-ақ, «Тауарлы несие» жобасы шеңберінде «100 қой» жобасы қолға алынады. Бұл – бюджет қаражатын қажет етпейтін жоба. Бұған ірі және орта шаруа

қожалықтары атсалысады. Бұл жерде ауылына, жұртына қолдау көрсетуге дайын азаматтардың рөлі басым болады. Осы жобаға қатысып, халыққа қол ұшын берген фермерлерге жеңілдетілген несие беру, техникаға қысқа уақытта қол жеткізулеріне мүмкіндіктер қарастырылып, қолдау көрсетіледі.

Форум аясында өңірлердегі ауылдық аумақтарды дамыту, әлеуметтік-экономикалық өсімді қамтамасыз ету және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру мәселелері кеңінен талқыланды. Аталған бағыттар бойынша «Eurasia Agro Semeu» ЖШС құрылтайшысы Ерлан Мұқашев, Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов, Ұржар ауданының әкімі Ақылбек Башимбаев, Көкпекті ауданы Шұғылбай ауылдық округінің әкімі Нұрлан Назарханов, Жаңасемей ауданы Алғабас ауылдық округінің әкімі Төлеген Құсайынов және Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округінің әкімі Гүлмира Ильяшева баяндама жасап, ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестиция тарту, инфрақұрылымды жетілдіру және өкімдердің өкілеттіктерін кеңейту бағытындағы ойларымен бөлісті.

Форумды қорытындылаған облыс әкімі Берік Уәли жиында айтылған ұсыныстар мен бастамалардың өңір дамуының жаңа кезеңіне бастайтын нақты қадамдар екенін атап өтті.

«Абай облысы – тарихи тамыры терең, әлеуеті зор өңір. Біздің басты міндетіміз – ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын арттыру және ауылдық экономикалық өсімнің тірегіне айналдыру. 2026–2028 жылдары облысымызда жүзеге асырылатын «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы – тек көші-қон мәселесін шешу құралы емес. Бұл – ауылды жаңғыртуға бағытталған жүйелі қадам. Нәтиже әр ауылдық округ әкімінің нақты жұмысына, бастамашылдығына және жауапкершілігіне тікелей байланысты. Абай облысының әрбір ауылы – дамудың, тұрақтылықтың және жаңа мүмкіндіктердің орталығына айналуы тиіс», – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі форум алдында өңірдің ірі тауар өндірушілерінің көрмесін тамашалады.

Алматы әкімі Дархан Сатыбалды инвесторлар және кәсіпкерлермен кездесу өткізіп, онда инвестициялық жобаларды іске асыру, өкімшілік кедергілерді жою және бизнес құқығын қорғауды күшейту жайын талқыланды. Іс-шараға қала прокуроры Серік Кәріпбеков, мемлекеттік органдардың, салалық бірлестіктер мен іскерлік қауымдастықтың өкілдері қатысты.

Кездесуді аша отырып, қала әкімі инвестициялық әлеуетті дамыту және қолайлы іскерлік орта қалыптастыру мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы инвесторларды сапалы сүйемелдеуді қамтамасыз ету, олардың құқығын қорғау және өкімшілік кедергілерді жою жөнінде нақты міндет қойды. Алматы әкімдігі бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде. Әкімдік, бизнес және прокуратура арасында үйлесімді әрі жедел іс-қимыл қажет», – деді Дархан Сатыбалды.

Әкімнің айтуынша, Алматы шетелдік инвестицияны тарту бойынша көшбасшы позициясын сақтап отыр. 2025 жылдың үш тоқсанының қорытындысы бойынша қалаға тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 6 млрд АҚШ долларына жетіп, бұл республикалық жалпы көрсеткіштің 42%-дан астамын қамтиды. Қалада шетелдік қатысуы бар 30 мыңнан астам заңды тұлға жұмыс істейді.

Дархан Сатыбалды әкімдік

ДАРХАН САТЫБАЛДЫ АЛМАТЫ ИНВЕТОРЛАРЫ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



әрбір ірі инвестициялық жобаның іске асырылуын жүйелі түрде үйлестіріп, бақылауда ұстайтынын жеткізді. Орындау мерзіміне бақылау күшейтіліп, жеке жауапкершілік артады. Сонымен қатар инвесторларды сүйемелдеудің цифрлық құралдарын енгізу арқылы өкімшілік рәсімдер жеңілдетілуде.

Кездесу барысында инвесторлар мен кәсіпкерлер жобаларды іске асыру мерзімі, рұқсат құжаттарын алу, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және мемлекеттік қолдау шараларын қолдану мәселелері бойынша сұрақ қойды. Барлық өтініш салалық басқармалар мен прокуратураның қатысуымен қаралды.

Қала прокуроры Серік Кәріпбеков инвесторлардың құқығын қорғау прокуратура органдарының басым бағыты болып қала беретінін атап өтті.

«Біздің басты міндетіміз – инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде заңдылық-

тың сақталуын қамтамасыз ету, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуға жол бермеу және инвесторлардың өтінішіне жедел ден қою», – деді прокурор.

Кездесу барысында рәсімдердің ашықтығын арттыруға, инвесторларды сүйемелдеу тетіктерін жетілдіруге және мемлекеттік қызметтерді одан әрі цифрландыруға ерекше назар аударылды.

Іс-шара соңында ашық сұрақ-жауап сессиясы өтті. Оның аясында кәсіпкерлер қала басшылығымен және мемлекеттік органдар өкілдерімен өзекті мәселелерді тікелей талқылап, инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша ұсыныс білдірді.

Кездесу қорытындысында мемлекет пен бизнес арасындағы тұрақты диалог сенімді нығайтуға, туындаған мәселелерді жедел шешуге және Алматының инвестициялық әлеуетін одан әрі дамытуға ықпал ететіні аталып өтті.

ЕЛДЕГІ ЕКІНШІ БІРЕГЕЙ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ СТАНЦИЯСЫ АҚТАУДА АШЫЛДЫ



Ақтау қаласында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қылыбайдың қатысуымен жылына 100 мың шақыртуға қызмет көрсете алатын, заманауі үлгідегі медициналық жәрдем станциясының ғимаратының ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шараға ҚР Бас прокурорының орынбасары Ғабит Садырбеков, ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов, мемлекеттік органдардың өкілдері, медицина саласының ардагерлері мен өңір дәрігерлері қатысты.

Салтанатты жиында облыс әкімі жиналғандарды құттықтап, жаңа нысанның өңір үшін маңыздылығына тоқталды.

«Әлеуметтік нысан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Бас прокуратура қайтарған активтер есебінен және Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен салынды. Бұл – Маңғыстау жұртшылығы үшін үлкен қуаныш. Жаңа ғимарат жедел меди-

циналық көмектің қолжетімділігін арттырып, тұрғындарға сапалы әрі уақтылы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Ақ халатты жандардың қажырлы еңбегі әрдайым құрметке лайық. Жаңа нысан сіздердің жұмыстарыңызды жеңілдетіп, кәсіби мүмкіндіктеріңізді кеңейтеді деп сенемін», – деді Нұрдәулет Қылыбай.

Заманауі станция жылына 100 мың шақыртуға қызмет көрсетуге арналған. Ғимарат орталықтандырылған біріккен диспетчерлік қызметпен, симуляциялық және оқу-практикалық орталықпен, сондай-ақ 20 санитарлық автокөлікке арналған жылы гаражбен жабдықталған.

Сонымен қатар 2025 жылы Маңғыстау облысы әкімдігінің қолдауымен облыстық жедел медициналық жәрдем станциясына заманауі медициналық жабдықтармен қамтылған 32 санитарлық автокөлік сатып алынды. Бұдан бөлек «NCOC» компаниясының демеушілік қолдауы аясында қосымша 20 санитарлық автокөлік алынды. Бұл қолдау өңір тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл нысан бірегейлігі жағынан Астана қаласынан кейінгі екінші станция. Алдағы уақытта еліміздің барлық өңірінде осындай үлгідегі медициналық мекемелер салу жоспарланып отыр. Бұл нысанның басты ерекшелігі – мұнда дәрігерлердің сапалы жұмыс істеуі үшін қажетті барлық жағдай жасалған.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

Қызылорда қаласында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары және зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен 200 орындық перинаталдық орталықтың іргетасын қалау рәсімі өтті. Жаңа нысан Президент паркі аумағында орналасады.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа бастамамен құттықтады.

«Халқымызда «Денсаулық – басты байлық» деген терең мағыналы сөз бар. Расында кез келген мемлекеттің ең қымбат капиталы – адам өмірі мен денсаулығы.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды» деп, салаға айрықша көңіл бөліп келеді. Бесінші Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр», – деп ерекше атап өтіп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшымыз Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жаңа драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы басталатынын айтты. Бұл серпінді жобалар өңір экономикасына қуат беріп, транзиттік әлеуетін күшейтеді. Халқымыздың әл-ауқатын арттыруға мол мүмкіндік береді.

Құрылысына 48 млрд. 500 млн. теңге бөлінген 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың аумағы 38 мың шаршы метр, заманауи талаптарға сай, жоғары сапалы технологиялармен жабдықталады. Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, денсаулығын жақсартуға, демографиялық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет қолдауы.

ҚЫЗЫЛОРДАДА 200 ОРЫНДЫҚ ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Жаңа орталық мейірім мен жылулықтың ордасына айналсын! Рамазан айы барша-мызға құтты болсын!», – деді аймақ басшысы.

Рәсімде Ақмарал Әлназарова, Мұрат Әбенев сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Ибрагим Әбибуллаев бата берді.

Болашақ перинаталдық орталық ана мен балаға мамандандырылған заманауи медициналық көмек көрсетіледі. Қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және өкімшілік бөлімдер жоспарланған. Сонымен қатар, жерасты өткелі арқылы байланысқан жеке зертхана ғимараты мен ас блогы болады.

Медициналық мекеме жүкті әйелдерге, босанушыларға және жаңа туған нәрестелерге арналған стационарлық бөлімдер, операциялық блок, реанимация, зертханалар және инженерлік-қызметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі. Жобалық шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және заманауи медициналық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, дәл сол күні Orhun medical медициналық орталығының ашылу рәсімі өтті. Аймақ басшысы өз сөзінде өңірдің денсаулық сақтау саласындағы жетістіктерге тоқталды.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды» деп, салаға әрдайым айрықша көңіл бөліп келеді. Сыр өңірінде тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, инфрақұрылымды одан әрі жетілдіру шаралары кешенді түрде жүргізілуде.

Бүгін Өздеріңізбен бірге өңіріміз үшін маңызы зор нысан Orhun Medical медициналық орталығының ашылуында бас қостық. Орталықтың негізгі



бағыты – позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томографияны біріктіретін жоғары технологиялық диагностика.

Құны 4 млрд. теңге болатын бұл жоба онкологиялық ауруларды ерте анықтауға, дерттің таралу деңгейін бағалауға, емдеу тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді. Тұрғындарымыз ендігіде Астана, Алматы қалаларына, шетелдерге бармай-ақ, сапалы медициналық қызметтерді жергілікті жерде алады. Ел игілігіне табысталатын медициналық орталық дәрігерлері келушілерге қызмет етіп, науқастың дертіне дауа, көңіліне рауан беріп, халықтың ықыласына бөленеді деп сенеміз. Жауапкершілігі жоғары салада уақытпен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз табысты, мәртебелеріңіз биік болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Ашылу рәсмінде Ақмарал Әлназарова, Әлібек Қуантыров сөз сөйлеп, сала ардагері Абдулла Шүленбаев бата берді. Аймақтың денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосқан азаматтар облыс

өкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, медициналық орталықтың жылдық жобалық қуаты айтарлықтай жоғары. Мұнда жылына 3 500 позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томография зерттеуі жүргізіледі. Сонымен қатар, 16 000 магниттік-резонанстық томография, 20 000 компьютерлік томография, 25 000 рентгенологиялық зерттеу және 10 000 маммография жасауға мүмкіндік бар.

Қызылорда қаласында



ғы орталық – Orhun Medical компаниясының Қазақстан өңірлерінде жоғары технологиялық онкологиялық көмекті дамытуға бағытталған жобасының екінші кезеңі. Ұлытау, Түркістан, Ақтөбе тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Бірінші кезеңде Ақтау қаласында осындай орталық іске қосылған. Зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында жүргізіледі.

Бұдан бөлек, медициналық орталықта МРТ, КТ, рентгенография, маммография, ультратрадыстық диагностика, бейінді мамандардың кеңестері, зертханалық зерттеулер және емшара бөлмелерінің қызметтері халыққа қолжетімді болады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

GOVTECH: МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ МОДЕЛІ

Мемлекеттік органдарды GovTech моделіне көшіру аясында цифрлық жұмыс орнына баса назар аударылып, eGov және eGov business мүмкіндіктерін кеңейту, Әлеуметтік әмиян қызметтерін дамыту және Ұлттық ЖИ платформасында ЖИ шешімдерін енгізу жоспарланған.

Нәтижесінде: мемлекеттік қызметшілердің кемінде 80%-ы Gov Workspace бірінші цифрлық жұмыс орнымен қамтылады;

кемінде 50 мемлекеттік қызмет ЖИ қолдану арқылы көрсетіледі; мемлекеттік ақпараттық жүйелердің кемінде 30%-ы QazTech платформасына көшіріледі.

Сонымен қатар пойыздарда, ұшақтарда, туристік аймақтарда және шекара инфрақұрылымы нысандарында интернетке қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Заманауи Digest to Cell спутниктік байланысы іске қосылады. Бұл азаматтар мен бизнеске көрсетілетін цифрлық қызмет сапасын кемінде 75%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Бұл бағытта ақпараттық қауіпсіздіктің бірінші контурын нығайту, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне кибераудит жүргізу, осалдықтарды жою және дербес деректерді қорғау шарала-

рын күшейту көзделген. Мемлекеттік жүйелерді жаңа мемлекеттік деректерді өңдеу орталығына көшіру басымдыққа ие.

САЛАЛАРДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

Экономиканың негізгі драйверлері салаларында цифрлық шешімдер енгізіледі. Олардың қатарында басқару процестерін автоматтандыру, деректерді цифрландыру және Big Data қалыптастыру, ЖИ арқылы талдау, цифрлық егіздер жасау, IoT датчиктері мен дрондарды пайдалану және салықтық өкімшіліктің цифрлық моделі мен проактивін енгізу бар.

Жоспарға сәйкес: энергетика саласындағы басқару жүйелері ЖИ енгізіледі; геологиялық ортаны біріңғай цифрландыру арқасында геологиялық деректердің кемінде 90%-ы цифрлық форматқа көшіріледі;

траншекаралық сауда-логистика процестерінің толық цифрлық контуры іске қосылады;

ауыл шаруашылығы саласына ЖИ-бақылау енгізу арқасында өнімділіктің 10%-ға артуы мен ауылшаруашылық өнімдерінің «Егіндіктен, сату орындарына дейінгі» цифрлық қозғалысы қамтылатын болады;

құрылыс жобаларының кемінде 30%-ы бас цифрлық жобалар мен BIM-модельдеу арқылы жүзеге асырылады;

қаржы ұйымдарының кемінде 30%-ы мемлекеттік қызметтердің

біріңғай біріктірілген ортасына қосылады; әлеуметтік-еңбек саласының негізгі процестерінің 90%-ы цифрлық форматқа өтеді.

Қалалар мен өңірлер Қалалар мен өңірлерді кешенді цифрлық дамыту аясында ауылдарға талшықты-оптикалық байланыс желілері тартылады, автожолдар мобильді интернетпен қамтылады, 20 қалада 5G желісі дамытылады.

